ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 қаңтар №2301-23-00-2/2548 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
«Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР: (аудиобейнебайланыс арқылы)
талап қоюшы өкілі Л.Н.Кадырбаева,
жауапкер өкілі З.А.Кодинцева,
аудармашы С.Х.Жумагазиева,
үшінші тұлғалар өкілі Қ.Е.Аманғали, И.Б.Атамбаев,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 05 желтоқсанда тараптар құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №137 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер құрылыс жұмысының басталғаны туралы хабарлама алған күннен бастап 8 айдың ішінде «Атырау қаласы, Авангард ықшам ауданы, 73 А» мекен-жайында орналасқан №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының ғимараттарына күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге міндеттенген. Хабарлама 03.02.2023 жылы берілген, яғни жөндеу жұмысының аяқталу мерзімі - 2023 жылғы 07 қазан болып табылады. Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер жұмыстарды жүргізбеген.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Жауапкер қарсы пікірінде талаппен келіспей, құрылыс жұмысының уақытылы орындалмауына тапсырыс берушінің кінәсі бар екенін, өйткені жөндеу жұмысын жүргізу кезінде балабақшаның мүлік-жихаздарының ғимаратта болуы жұмыстың қалыпты жүруіне кедергі болғанын, яғни құрылыс алаңы тапсырыс берушімен дайын болмағанын, сонымен қатар, тапсырыс беруші тарапынан қаржыландыру уақытылы жүргізілмегенін көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, жағымсыз салдар бар екенін екенін, өйткені тапсырыс беруші бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушілерін басқа бөбекжай-бақшаларға орналастыруға мәжбүр болып отырғанын және 2023 жылғы 03 ақпан мен талап арыз берілген 2023 жылғы 18 қазан аралығындағы мерзімде мердігер бар болғаны 40% жұмыс орындағанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талаппен келіспей, қарсы пікірде келтірілген уәждерін қуаттап, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлғалар – авторлық қадағалауды жүзеге асыратын «Корпорация Асыл-строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі И.Атамбаев, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын «Altimus LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Қ.Е.Аманғали сотқа берген түсініктемелерінде қазіргі уақытта мердігермен 75-80% жұмыс жасалғанын, ғимараттардың ішкі әрлеу жұмысы, асфальт төсеу, ауласына тал егу, газон төсеу жұмысы жасалмағанын түсіндірді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273 баптарының талабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызметті орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.04.2024, судья Султангалиева А. Е., 30.04.2024
2301-23-3-1/2971

Іс құжатындағы тапсырыс берушінің, мердігердің, авторлық және техникалық қадағалау жүргізуші мекемелер өкілдерінің қатысуымен 23.02.2023 жылы, 16.05.2023 жылы, 08.06.2023 жылы өткізілген өндірістік жиналыстар хаттамаларында тапсырыс беруші өкілі, авторлық және техникалық қадағалау жүргізуші мекемелер өкілдері күрделі жұмысының өте баяу жүруде екені туралы және құрылыс алаңында бар болғаны 2-3 адам жұмыс жасауда екені туралы мердігерге ескерту жұмыстарын жүргізген. Өз кезегінде мердігер өкілі құрылыс алаңында жұмыс жасайтын жұмыскерлер санын көбейтуге, жұмысты жетелдетуге уәде берген. Алайда, құрылыс жұмысының қалыпты жүруіне бала-бақша мүлкінің кедергі келтіруде екені немесе тапсырыс беруші тарапынан қаржыландыру уақытылы жүргізілмегені туралы келіспеушіліктер келтірмеген. Хаттамалар заңсыз деп танылмаған.

Істің бұл тұрғысында, сот, жауапкердің жөндеу жұмысын жүргізу кезінде балабақшаның мүлік-жихаздарының ғимаратта болуы кедергі болғаны және тапсырыс беруші тарапынан қаржыландыру уақытылы жүргізілмегені туралы уәжін негізсіз деп санайды және дәлелді себеп ретінде қабылдамайды. Сонымен қатар, жауапкер күрделі жөндеу жұмысын талап арыз сотқа берілгеннен кейін ғана қалыпты жүргізген. Күрделі жөндеу жұмысы мердігердің кінәлілігінен 10 айдан аса мерзім жүргізілмеген және бала-бақша тәрбиеленушілері басқа бала-бақшаға баруға мәжбүр болған. Сондықтан, сот, жауапкер тарапынан жасы кәмелетке толмаған балалардың мектепалды тәрбие алу құқығы бұзылған деп санайды.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 18 қазанда жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодекстің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.04.2024, судья Султангалиева А. Е., 30.04.2024

мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «17» сәуір 2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 28.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.04.2024, судья Султангалиева А. Е., 30.04.2024
2301-23-3-1/2971